



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

нің себебі бойынша ғалами рейтингте жол-көлікоқиғасы 9 орында. Әрі 19-29 жас аралығындағы өлімінің себебінің рейтингте 1 орында. Әлемнің қалаларында автокөліктің (Эквивалент) CO₂-ны шығарылуы (жылына 1 адамға кг мөлшерінде тиеді). [5]

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. ЖОО-на арналған оқу құралы А.Ж. Ақбаева, Г.Ә. Саинова Алматы, 2003 ж.25 б.
2. www.tengrinews.kz
- 3 www.24.kz
4. www.egemen.kz
5. Экология және қоршаған орта проблемалары. А.Т. Қуатбаев 2011 ж.112 б.

ӘОЖ 349.42

АРАЛ ТЕҢІЗІНІҢ ПРОБЛЕМАЛАРЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

Қосым Нурсұлтан

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 2 курс студенті
Ғылыми жетекші – Жаманбаева Ж.Е.

Арал - Қазақстан мен Өзбекстанның арасында орналасқан теңіз. Теңіз атауы оған әлемдегі көлдер арасында төртінші орында тұрғандығынан берілген болатын. Арал теңізі Қазақстанның інжу-маржаны еді, себебі ондағы балықтардың көптігі, табиғатының сұлулығы, тек өзіне тән өсімдіктері басқа көлдерде кездеспейтін ерекше сипаты оны ерекше көріктендіретін. Сонымен қатар ол жергілікті халықтың еңбек көзі, табатын наны еді, әрине 20 ғасырдың соңына дейін. 1960 жылдан бастап ғасыр дертінің зардаптары біліне бастады, яғни Арал теңізінің арнасы тартыла бастады. Бұған себеп тек антропогендік факторлар, яғни Аралдың құруына тек адамдардың, сол кездегі саяси жүйенің кінәлі екендігін атап өткеніміз жөн.

Арал теңізінің жойылып кете жаздауына себеп болған факторлар:

- жергілікті жердің тарихи-табиғи ерекшеліктерін ескермеу;
- ауыл шаруашылығын дұрыс жоспарламау, судың қорын есепке алмау;
- суды өте көп қажет ететін күріш, мақта дақылдарын барынша көбейтіп жіберу;
- жерді игерудің агротехникалық шараларын сақтамау және суды үнемді пайдаланбау;
- табиғат ресурстарын пайдалануға жіберілген қателіктер мен оны меңгерудің ғылыми тұрғыдан негізделмеуі болып табылады.

Оның апатқа дейінгі көлемі – 1066 км³, тереңдігі – 30-60 метр, тұздылығы – 10-12% болған. Қойнауы кәсіптік бағалы балықтарға бай, жағасы қоға мен қамысты теңіз еді. Сол кездерде жылына 50-150 мың балық ауланса, теңіз жағасынан едәуір мөлшерде бұлғын терісі игерілген. Арал өңірінің тұрғындары 1970 жылдарға дейін әлеуметтік-экономикалық тұрғыда жақсы қамтамасыз етілген тіршілік кешті. Теңіз өңіріндегі елді мекендерде 17 балық колхозы, 10 балық өңдейтін зауыт және 2 балық комбинаты тұрақты жұмыс істеген.

1960 жылдардан бастап Арал өңірін игеру қолға алынды. Осы аймақтағы игерілетін жер көлемі бұрынғыдай Өзбекстан мен Тәжікстанда 1,5, Түрікменстанда 2,4, Қазақстанда 1,7 есеге өсті. Ал Әмудария мен Сырдария бойындағы Халықтың саны 1960-1987 жылдар аралығында 2,2 есеге артты. Халық санының өсуіне орай суға деген қажеттілік те артты. Осыған орай, 1970-1980 жылдар аралығында Аралға құйылатын су мөлшері азайды. Оның негізгі себептері антропогендік факторлар еді. Екі өзен бойындағы суды мол қажет ететін күріш пен мақта өсіру ісі қарқындап дамыды. Аталған шаралар әсерінен Арал теңізінің деңгейі бірте-бірте төмендеп, өз арнасынан әлдеқайда төмендеп кетті. Соның әсерінен құрғап қалған теңіз түбінен жыл сайын айналаға зияндылығы өте жоғары 2 млн. тұзды шаңдар көтеріліп, желмен тарай бастады.

Бұл теңізге құятын екі негізгі өзенді ысырапсыз пайдалану негізгі фактор болып есептеледі. Оның келтірген зияндары Арал теңізінің тартылуы, ондағы өсімдіктер мен жануарлардың жойылуы және де ең бастысы халықтың өміріне, денсаулығына, тұрмыс-тіршілігіне, салт-дәстүріне өте көп мөлшерде зардап әкелуі. Қазіргі арал өңірінде адамдардың денсаулығы күрт төмендеп кетті. Бұл өңірде соңғы мәліметтер бойынша туберкулез, бүйрекке тас байлану, сарысу, өкпе-тыныс өңірімен салыстырғанда жоғары көрсеткішті беріп отыр.

Ең алғаш Арал апатынан келтірілген зиянды құқықтық зардап деп атасақ болады. Өйткені алғаш бұзылған Қазақстан Республикасының азаматтарының конституциялық құқықтары. Бұл құқықбұзушылықтарды тойтару үшін және олардың алдын-алу үшін мемлекетіміз тарапынан көптеген шаралар жасалуда, олардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталсақ:

Біріншіден, Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматы мемлекеттің басты қазынасы, ресурсы және мемлекет оларды қорғауға және оларға қамқорлық жасауға кепілдік береді делінген. Сол себепті Арал өңіріндегі тұрғындарға келтірілген зардаптың алдын алу, оны реттеу бірінші Қазақстан Республикасының конституциясы арқылы реттеледі.

Сондай-ақ құқықтық реттеудің келесі сатысы Қазақстан Республикасының экологиялық құқығына тіреледі.

ҚР-ның экологиялық құқығы — айналадағы табиғи ортаны қорғауға байланысты қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық ережелердің жиынтығын зерттейтін оқу пәні немесе ғылым саласы.

Экологиялық құқықтың мәні — бұл экологиялық-құқықтық нормалардың қолданылу саласында қалыптасатын тарихи тұрғыда қазіргі және болашақтағы ұрпақтар мүдделері үшін қоршаған ортаны сақтап қалу мақсатында табиғи объектілерді сақтау, жақсарту, қалпына келтіру, тиімді пайдалану тұрғысында міндетті түрде мемлекеттің қатысуы жағдайында азаматтар мен ұйымдар арасындағы өндірістік қатынастармен байланысты болуы.

ҚР-ның «Қоршаған ортаны қорғау туралы» заңында былай делінген: қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты ұтымды пайдалану мына принциптер негізінде жүзеге асырылады:

— адамның өмірі мен денсаулығын қорғаудың басымдығы, халықтың өмірі, еңбегі мен демалысы үшін қолайлы қоршаған ортаны сақтау және қалпына келтіру;

— ҚР-ның нарықтық қатынастар жағдайында тұрақты дамуға көшуі, адамдардың қазіргі және болашақ ұрпақтарының салауатты және қолайлы қоршаған ортаға деген қажеттіктерін қанағаттандыру мақсатында қоршаған ортаның әлеуметтік-экономикалық міндеттері мен проблемаларын теңдестіре отырып шешу;

— экологиялық жағдайы қолайсыз аймақтардағы экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және бұзылған табиғи экологиялық жүйелерді қалпына келтіру;

— табиғат ресурстарын ұтымды пайдалану және молықтыру;

— биологиялық алуан түрлілікті және экологиялық, ғылыми және мәдени жағынан ерекше маңызы бар қоршаған орта объектілерін сақтауды қамтамасыз ету;

— қоршаған ортаны қорғау туралы заңдарды мемлекеттік реттеу мен мемлекеттік бақылау, оларды бұзғаны үшін жауапкершіліктің ымырасыздығы;

— қоршаған ортаға нұсқан келтіруге жол бермеу, қоршаған ортаға ықпал ету мүмкіндігін бағалау;

— халықтың, қоғамдық бірлестіктер мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қоршаған ортаны қорғау саласына белсенді түрде және демократиялық жолмен қатысу;

— халықаралық құқық негізінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастық принциптерін сақтау негізінде жүзеге асырылады.

Аталған принциптар негізге алына отырып:

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 3 желтоқсандағы №1241 Жарлығымен мақұлданған ҚР-ның 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасында атап көрсеткендей, экологиялық қауіпсіздіктің негізгі міндеттерінің

біріне экологиялық апат аймақтарын, әскери-ғарыш полигондары мен сынақ кешендерін оңалту жатады. Президентіміздің аталған жарлығына сәйкес Арал өңірінің тұрғындарын әлеуметтік, экономикалық қамтамасыз ету, теңіз деңгейін қалпына келтіру үшін бірқатар шаралар жасау бұйырылған.

Арал апаты көрші елдерді де алаңдатып отырғандықтан :

Арал теңізі мәселелері жөніндегі келісім – Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың ұсынысымен Орталық Азия елбасыларының 1993 жылдың қаңтарында Ташкент қаласында қабылдаған шешімі бойынша 1993 жылғы 26 наурызда Қызылорда қаласында өткен Арал теңізі мәселелері жөніндегі 1-конференцияда жасалған келісім. Ол «Арал теңізі және Арал аймағы мәселелерін, экологиялық сауықтыруды, аймақтың әлеуметтік – экономикалық дамуын қамтамасыз етуді бірлесіп шешетін ортақ шаралар туралы Келісім» деп аталды. Келісімге Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев, Қырғыз Республикасының Президенті Ақаев, Тәжікстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің төрағасы Э.Ш. Рахмонов, Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримов, Түрікменстан Президенті С.А. Ниязов қол қойды.

Келісімнің арнайы баптарында Арал теңізі айдынындағы экологиялық дағдарысқа байланысты негізгі мәселелер нақтылы қаралды. Апаттың алдын алуға, қоршаған ортаны сауықтыруға және Арал аймағының әлеуметтік – экономикалық дамуын қамтамасыз ететін, денсаулық сақтау, тұрмыстық қажеттіктерді өтейтін істерге тікелей назар аударылды. Келісімді орындаудың алғашқы шарты есебінде Халықаралық Арал қоры, Арал теңізі мәселелері жөніндегі мемлекетаралық кеңес құрылып, олардың ұйымдық мәселелері шешілді. БҰҰ-ның Бас хатшысына Орталық Азия елбасыларының атынан Үндеухат жолданды. Онда Аралды сақтап қалуға, Арал аймағының келелі мәселелерін шешуге арналған шараларға дүниежүзілік қауымдастықтың назары аударылды.

Құқықтық реттеу – мемлекет басшысының, сондай-ақ мемлекеттік органдардың кез-келген шиеленісті заң жүзінде реттеуі. Жоғарыда аталған Президент жарлығы, шет елдермен келісімшарттар тікелей мемлекет басшысымен және үкіметтің келісімімен Қазақстан мүддесіне зиян келмейтініне кепілдік беріле отырып жүзеге асырылғаны анық. Және арада қабылданған құжаттар болашақта өз нәтижесін көрсетіп, Арал теңізінің бұрынғы қалпына қайтуына, халықтың тұрмыстық жағдайын жақсаруына себеп болады деген сенімдемін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы – 1995 жыл 30 тамыз.
2. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі Қоршаған ортаны қорғау туралы заңы.
3. Қазақстан Республикасының 2007 жылы 9 қаңтарда қабылданған кодексі.
4. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы Бас редакциясы, 1998 жыл. IV том

УДК 551.588.7(574)

ВОЗМЕЩЕНИЕ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО ВРЕДА КАК МЕРА ОБЕСПЕЧЕНИЯ ОХРАНЫ ПРИРОДНЫХ ОБЪЕКТОВ ОТ ЗАГРЯЗНЕНИЯ

Койшибеков Бауржан

Магистрант 2 курса ЕНУ им. Л.Н. Гумилева
научный руководитель – Мукашева А.А., д.ю.н., профессор

Одной из теоретических проблем охраны окружающей среды от загрязнения является исследование правовой природы экологического вреда. Загрязнение окружающей среды представляет собой разновидность экологического вреда, поэтому исследование «общей картины» будет способствовать более глубокому уяснению сущности загрязнения и даст